

**«Kazakhstan Bar Association»  
Заң консультанттары палатасы  
Мүшелерінің Жалпы жиналышының  
2021 жылғы 26 ақпандығы шешімімен  
«БЕКІТІЛДІ»**

**«Kazakhstan Bar Association»  
Заң консультанттары палатасының  
Комиссиялары мен Комитеттері туралы  
Үлгілік Ереже**

## **1 ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР**

- 1.1 «Kazakhstan Bar Association» Заң консультанттары палатасының Комиссиялары мен Комитеттері туралы осы ереже (**бұдан әрі – Ереже**) Заң көмегін көрсету қағидалары мен стандарттарын және Палатаның Кесіби әдеп кодексін ескере отырып, Қазақстан Республикасының заңнамасына, «Kazakhstan Bar Association» Заң консультанттары палатасының (**бұдан әрі – Палата**) Жарғысына, сондай-ақ Палатаның басқа да ішкі құжаттарына сәйкес өзірленген.
- 1.2 Осы Ереже Комиссиялар мен Комитеттердің мәртебесін, мақсаттары мен міндеттерін, құзыретін, функцияларын, құру тәртібі мен жұмыс тәртібін айқындайтын Палатаның ішкі құжаты болып табылады.

## **2 КОМИССИЯЛАР МЕН КОМИТЕТТЕРДІҢ МӘРТЕБЕСІ**

- 2.1 Комиссиялар мен Комитеттер Палатаның алға қойылған мақсаттарына, міндеттеріне және басымдықты бағыттарына қол жеткізу үшін құрылған, Палата мүшелерінің Жалпы жиналышына, Палатаның Басқармасына есеп беретін Палатаның мамандандырылған органдары болып табылады.
- 2.2 Комиссиялар мен Комитеттердің Тәрағасы мен мүшелері өзінің қызметін өтеусіз негізде жүзеге асырады.
- 2.3 Комиссиялар мен Комитеттердің мүшелері өзінің қызметін жүзеге асыру кезіндегі заңға қайшы әрекеттері үшін Қазақстан Республикасының заңнамасында және Палатаның ішкі құжаттарында белгіленген тәртіппен жауапкершілік көтереді.
- 2.4 Комиссиялар мен Комитеттердің мүшелерінің әрекетіне (әрекетсіздігіне) Палата Басқармасына шағым жасауға болады.

## **3 КОМИССИЯЛАР МЕН КОМИТЕТТЕРДІҢ МАҚСАТТАРЫ ЖӘНЕ МІНДЕТТЕРІ**

- 3.1 Комиссиялар мен Комитеттердің мақсаттары:

- 3.1.1 Палатаның жарғылық мақсаттарына, міндеттеріне және басымдықты бағыттарына қол жеткізуге жәрдемдесу;
- 3.1.2 Палата мүшелерінің кесіби қызметінің Қазақстан Республикасының заң көмегі туралы заңнамасының, заң көмегін көрсету стандарттарының, заң көмегінің сапа өлшемшарттарының, Палатаның Кесіби әдеп кодексі мен кесіби мінезд-құлыш қағидаларының талаптарына сәйкестігін қамтамасыз етуге жәрдемдесу;
- 3.1.3 Палата мүшелерінің Қазақстан Республикасының заң көмегі туралы заңнамасының, заң көмегін көрсету стандарттарының, заң көмегінің сапа өлшемшарттарының, Палатаның Кесіби әдеп кодексі мен кесіби мінезд-құлыш қағидаларының талаптарын бұзуының жолын кесу;
- 3.1.4 Палата мүшелерінің Қазақстан Республикасының заң көмегі туралы заңнамасының, заң көмегін көрсету стандарттарының талаптарын, заң көмегінің сапа өлшемшарттарын, Кесіби әдеп кодексі мен кесіби мінезд-құлыш қағидаларын бұзуының алдын алу, анықтау және себептерін жою;
- 3.1.5 Қажет болған жағдайда тиісті ұсынымдарды дайындау жолымен Палата мүшелерінің тиісті деңгейде қызмет көрсету сапасын әрдайым арттыруға, Қазақстан Республикасының заң көмегі туралы заңнамасының талаптарын, заң көмегін көрсету стандарттарын, заң көмегінің сапа өлшемшарттарын, Палатаның Кесіби әдеп кодексі мен кесіби мінезд-құлыш қағидаларын сақтауына жәрдемдесу;

- 3.2 Комиссиялар мен Комитеттердің алға қойған міндеттірі:
- 3.2.1 Палата мүшесінің Қазақстан Республикасының заң көмегі туралы заңнамасының, заң көмегін көрсету стандарттарының, заң көмегінің сапа өлшемшарттарының, Палатаның Кәсіби әдеп кодексі мен кәсіби мінездүлік қағидаларының белгіленген талаптарына сәйкестігін бағалау;
- 3.2.2 Палата мүшесінің Палатаның ішкі құжаттарының белгіленген талаптарына сәйкестігін және Палатаға мүшелік шарттарын сақтауын бағалау;
- 3.2.3 Палата мүшелерін ақпараттық және әдістемелік жағынан қамтамасыз етуі үйымдастыруға жәрдемдесу;
- 3.2.4 Палатаға мүше ретінде кіруге үміткер тұлғалардың кәсіби білім деңгейін, біліктілік дәрежесін, зияткерлік деңгейін және іскерлік беделін анықтау;
- 3.2.5 заң шығарушылық қызметке, құқық қолдану тәжірибесін, соның ішінде сот тәжірибесін жалпылауға және талдауға қатысу;
- 3.2.6 Палата мүшелеріне біліктілігін арттыруда әдістемелік және үйымдық көмек көрсету;
- 3.2.7 жас мамандардың (заңгерлердің) тағылымдамадан өтуіне жәрдемдесу;
- 3.2.8 заң консультанттарының міндетті кешенді өлеуметтік заң көмегін көрсетуіне (Pro Bono) жәрдемдесу;
- 3.2.9 заңгерлердің арасында жан-жақты ынтымақтастықты дамытуға жәрдемдесу, заң ғылыми, білім және тәжірибе өкілдері арасындағы байланысты нығайтуға жәрдемдесу;
- 3.2.10 заң факультеттері түлектерінің кәсіптік тәжірибеден өтуін үйымдастыруға жәрдемдесу.

#### **4 КОМИССИЯЛАР МЕН КОМИТЕТТЕРДІ ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ЖӘНЕ ҚЫЗМЕТИНІҢ ТӘРТІБІ**

- 4.1 Палатаның мүшесі ғана Комиссияның немесе Комитеттің мүшесі бола алады;
- 4.2 Палатаның әр мүшесінің Комиссия немесе Комитет құру туралы бастамамен Басқармаға жүгінуге құқығы бар. Құрылуы мен құрамын Жалпы жиналыш бекітетін Ревизиялық комиссияны, Аттестаттау комиссиясын, Тәртіптік комиссияны, Палата мүшелерінің қызметін бақылау жөніндегі комиссияны құруды және мүшелерін сайлауды қоспағанда, Комиссиялар мен Комитеттердің құрылуын Палатаның Басқармасы бекітеді;
- 4.3 Палатаның әр мүшесінің өз таңдауы бойынша кез келген Комитеттің мүшесі болуға құқығы бар. Жұмысты тиімді және сапалы жүргізу үшін Комиссиялар мен Комитеттердің сандық құрамы 25 (жырма бес) адамнан аспауға тиіс. Комитет немесе Комиссия мүшелерінің саны көрсетілген шекті саннан асып кетуі мүмкін болған жағдайда, Басқарма Комитет қызметінің мәнін аясы неғұрлым тар екі мәнге бөлудің орындылығын қарастыра алады.
- 4.4 Басқарма Палатаның Комиссиялары мен Комитеттерінің Төрағаларын, соның ішінде Аттестаттау комиссиясының, Тәртіптік комиссияның, Палата мүшелерінің қызметін бақылау жөніндегі комиссияның, Ревизиялық комиссияның Төрағаларын тағайындауды;
- 4.5 Комиссиялар мен Комитеттердің сандық және дербес құрамы және ондағы өзгерістер туралы ақпарат Палатаның ресми сайтына орналастыру жолымен Палатаның барлық мүшелерінің назарына жеткізіледі;

- 4.6 Комиссия мен Комитеттің Тәрағасы (Тең тәрағалары) Комиссия мен Комитеттің қызметіне басшылық жасайды, Комиссия мен Комитеттің жұмысын үйімдастырады;
- 4.7 Осы Ережеде көзделген мақсаттарға қол жеткізу және міндеттерді шешу, сондай-ақ Палатаның басқа органдарымен (лауазымды тұлғаларымен) өзара әрекеттестікті қамтамасыз ету үшін Комиссия мен Комитеттің Тәрағасы (Тең тәрағалары) мынадай негізгі функцияларды жүзеге асырады:
- 4.7.1 Комиссияның немесе Комитеттің қызметіне басшылық жасайды;
- 4.7.2 Палатаның Басқармасына және басқа органдарына Комиссия мен Комитеттің қызметі және олардың қабылдаған шешімдері туралы ақпарат береді;
- 4.7.3 кем дегенде алты айда 1 (бір) рет атқарылған жұмыс туралы есепті Палатаның Басқармасына ұсынады;
- 4.7.4 Палатаның Басқармасы бекітетін 1 (бір) жылға арналған жұмыс жоспарын жасайды;
- 4.7.5 Комиссия мен Комитет функцияларының күнделікті орындалуын қамтамасыз етеді;
- 4.7.6 Комиссия мен Комитеттің құжаттарына оларды Комиссия немесе Комитет талқылап, шешім қабылдағаннан кейін ғана қол қояды;
- 4.7.7 Комиссия мен Комитеттің міндеттері мен функцияларын орындауды, Палатаның жарғылық мақсаттары мен міндеттерін іске асыруды қамтамасыз етуге бағытталған өзге де функцияларды атқарады.
- 4.8 Комиссияның немесе Комитеттің Тәрағасы (Тең тәрағалары) болмаған уақытта Комиссияның немесе Комитеттің қызметіне басшылықты оның мүшелерінің бірі жасайды.

## **5 КОМИССИЯЛАР МЕН КОМИТЕТТЕРДІҢ ЖҰМЫС ҚАҒИДАТТАРЫ**

- 5.1 Комиссиялар мен комитеттердің жұмысының негізінде мына қағидаттар жатыр:
- 5.1.1 занұсылық;
- 5.1.2 Палата мүшелерінің құқықтары мен міндеттерінің тенденсі (тең құқықтылығы);
- 5.1.3 қызметінің ашықтығы;
- 5.1.4 есеп берушілік;
- 5.1.5 жариялышы;
- 5.1.6 еріктілік.

## **6 ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР**

- 6.1 Өкілеттік мерзімі 3 (үш) жылға тең Ревизиялық комиссияны, Тәртіптік комиссияны, Палата мүшелерінің қызметіне бақылау жасау жөніндегі комиссияны және Аттестаттау комиссиясын қоспағанда, Комиссиялар мен Комитеттер мүшелерінің өкілеттік мерзімі шектелмеген.
- 6.2 Осы Ереже оны Палата мүшелерінің Жалпы жиналышы бекіткен кезден бастап күшіне енеді.